БЕКІТЕМІН
«Ақсай техникалық
колледжі» МКҚК директоры
__________ М.М.Дияров

**БҚО әкімдігі білім басқармасының «Ақсай техникалық колледжі» МКҚК мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стандарты**

**І. Жалпы ереже**

1. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іскимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 карашадағы №410-V ҚРЗ Заңының 10- бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсыныстарға сәйкес әзірленген және ұсыныс сипаты бар.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты БҚО әкімдігі білім басқармасының «Ақсай техникалық колледжі» МКҚК мекемесі үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытталған ұсынымдарды орнатуға бағытталған.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының міндеттері:
   1) БҚО әкімдігі білім басқармасының «Ақсай техникалық колледжі» МКҚК мекемесінде жұмыс істейтін адамдарда тұрақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыру;
   2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы көріністерді және олардың теріс салдарын уақтылы анықтау.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының қағидалары:
   1) заңдылық;
   2) транспаренттілік;
   3) іскерлік әдептілік;
   4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау және сыбайлас жемқорлықтың көріністерінен сақтау;
   5) мүдделер қақтығысына жол бермеу.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты БҚО әкімдігі білім басқармасының «Ақсай техникалық колледжі» МКҚК мекемесінде жұмыс істейтін адамдардың орнатылған ережелер мен сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін белгілейді.
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар негізінде лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-әрекеттер сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау көзқарасы: 1)сыбайлас жемқорлыққа қарсы

стандарттар саласында жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру;
2)өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге шешімдерді даярлау және қабылдау;
3)тіршілік әрекеті саласы тиісті спецификасына байланысты өзге қоғамдық маңызды қатынастар кезінде қалануы тиіс.

## II. Қоғамдық қатынастардың жеке саласына жұмыс істейтін адамдарға орындау үшін мінез-құлық (іс-әрекет) ережелері

1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары мен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1) Конституцияны және Қазақстан Республикасының өзге заңдарын, Президенттің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықты актілерді басшылыққа алу;
2) Қазақстан халқының бірлігін және елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау;
3) шыншыл, әділ, кішіпейіл болу, жеке тұлғалармен, заңды тұлғаларды өкілдері мен әріптестері қарым-қатынаста жалпы орнатылған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, сыпайылық пен нақтылық таныту;
4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделеріне қатысты шешімдердің ашықтығын қамтамасыз ету;
5) өз іс-әрекеттері мен мінез-құлқы қоғам тарапынан сын айтуға себепші болмау, сын айтқаны үшін қудалауға жол бермеу, қызметті жақсарту және кемшіліктерді жою үшін конструктивтік сынды пайдалану;
6) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қызметтік жағдайды ықпал ету үшін пайдаланбау;
7) болмысқа сай келмейтін мәліметтерді таратпау;
8) тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік қарастыратын іс-әрекеттерге және өзге де құқықбұзушылықтарға жол бермеу;
9) еңбек заңнамасын сақтауды, еңбек тәртібі мен талаптарын сақтауды қамтамасыз ету.

2.Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде:

1) мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру жөнінде тұрақты түрде ісшаралар қолдану;
2) қызмет алушыларға түсінікті түрде мемлекеттік қызмет көрсету туралы тәртіп туралы толық және нақты ақпаратты ұсыну;
3) мемлекеттік қызметті көрсету барысында қарастырылмаған құжаттарды талап етуге, сонымен қатар бюрократияға жол бермеу;
4) сыбайлас жемқорлықтық құқық бұзушылықты жасауға мәжбүрлеуде басшылықты хабардар ету;
5) мемлекеттік қызмет көрсету үрдісін жетілдіруді, тиімділігі мен пайдалылығын қамтамасыз ету.

3.Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік және өзге де сатып алуды іске асыру кезінде ұсынылады:

1) сатып алуға арналған қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;
2) Заңмен қарастырылған жағдайдан өзге, әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды өткізу үрдісіне қатысудың тең мүмкіндіктерін ұсыну;
3) сатып алудың ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;
4) сыбайлыс жемқорлық көріністеріне жол бермеу;
5) атқарушы құжаттары бойынша атқарылмаған міндеттері бар және борышкерлердің бірыңғай тізіміне енгізілген әлеуетті өнім беруші немесе онымен тартылатын субмердігер ретінде қатысуға жол бермеу.

4.Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге шешімдерді даярлау және қабылдау кезінде:

1) мүдделер қақтығысы, қызметтік міндеттерді орындау кезінде жеке мүддешілік туындау, сыбайлас жемқорлықтық іс-әрекетке және сыйлық алуға мәжбүрлеу туралы тікелей басшылыққа хабардар ету ;
2) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қызметтік жағдайды ықпал ету үшін пайдаланбау;
3) әріптестерге, басшылыққа және өзге де лауазымды тұлғаға ресми адамдардың лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игіліктер не артықшылық таралу үшін аталған адамдарға сыйлықтарды тарту етпеу және қызметтік емес қызметтер көрсетпеу;
4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетке, сыбайлас жемқорлықтық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;
5) анықталған сыбайлас жемқорлық фактілері, сондай-ақ материалдарды тездетіп қарау үшін пайда алуға мәжбүрлеу туралы басшылыққа дер кезінде хабарлау;
6) орындау үшін берілген өкімнің заңдылығындағы күмәндану туралы жазбаша түрде басшылыққа жеткізу;
7) тікелей басшылық мүдделер қақтығысына өзі тартылған болса, жоғарыда тұрған басшылыққа жүгіну;
8) пайда табумен байланысты кәсіпкерлік немесе өзге қызметті іске асыру үшін ықпал етуден бас тарту.

5.Қызметкерлерді іріктеу және орналастыру бойынша кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезінде:

1) тағайындау материлдарды қарау мерзімдерін сақтау;
2) жұмысқа қабылдау кезінде лауазымды тұлғаларға негізгі міндеттерін, тыйым салуларды және шектеулерді түсіндіру;
3) кадралды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын сақтау; 4) жұмысқа орналасуға үміткерлерден еңбек шартын жасасуға қатысты емес құжаттарды талап етпеу;
5) қызметкерлерге қатысты қызметтік тергеулерді нақты және жан-жақты өткізу.

6.Тіршілік әрекеті саласы спецификасына байланысты туындайтын өзге карымкатынастар кезінде:

1) карамактағы лауазымды тұлғалардың кызметтік өкілеттіктерінің міндеттері мен көлемін накты анықтау;

2) карамақтағы лауазымды тұлғалар арасында еңбек жүктемесін әділсіз бөлуге жол бермеу;

3) кызметтің нәтижелерін бағалау, сондай-ак мадақтау және шара колдану кезінде әділеттік пен шындыкты көрсету;

4) карамақтағы қызметкерлерге катысты негізсіз айыптау, дөрекілік фактілерді, адами абыройын таптау, әдепсіздік, жөнсіз кылыкка жол бермеу;

5) орындауға келмейтін немесе лауазымдык міндеттердің шегінен тыс шығатын, сондай-ак заңнамаға кайшы келетін өкімдерді бермеу;

6) кызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде карамақтағы адамдардың қызметіне ыкпал ету үшін кызметтік лауазымды пайдаланбау;

7) карамактағы кызметкерлерді сыбайлас жемкорлыктык құқык бұзушылыктарды жасауға мәжбүрлемеу;

8) өз кызметтік міндеттерін орындау кезінде әріптестердің мүдделер қактығысын реттеу жөнінде накты іс-шараларды уактылы колдану;

9) мүліктің сақтаулын камтамасыз ету, кызметтік максатта меншікті, оның ішінде автокөлік құралын рационалды және тиімді пайдалану.